

Тұрақты осмий-187 моноизотопты экспорттау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 28 маусым N 308. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996.07.30. N 359 өкімімен.

"Жезказганредмет" республикалық мемлекеттік кәсіпорынның осмий-187, рений өнімдерін, құрамында күміс және алтын бар шламдар, сондай-ақ басқа да сирек кездесетін және асыл металдар өндірісі жөніндегі (бұдан былай - "Жезказганредмет" республикалық мемлекеттік кәсіпорын) жұмысын ұйымдастыру, оларды сатудан түскен қаражатты тиімді пайдалану мақсатында:

1. "Жезказганредмет" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жасалған N 96 /EFE 005 контрактіге сәйкес 1996 жылы 1000 грамм тұрақты (радиоактивті емес) осмий-187 моноизотоп (поликристалл түріндегі) әкетуге рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі

алғашқы саудаластықта жоғарыда аталған көлемді сатудан босатып, өнімді әкетуге лицензия берсін.

3. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы жанындағы Атом энергиясы жөніндегі агенттік белгілеген тәртіппен экспортталатын көлемге бақылауды жүзеге асырсын.

Премьер-Министрдің
орынбасары